

ӘОЖ 81'367.625:82_94

**«БАТЫР ЖӘНІБЕК ӨЛЕҢІ» ТАРИХИ ЖЫРЫНДАҒЫ
-ДЫ, -ДІ, -ТЫ, -ТІ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

Акылбекова Алмагул Куаныщовна

Almash_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – Л.Еспекова

Тіл білімінде антропоцентристік бағыттың дамуынан бастап, тілді субстанция ретінде қарым-қатынас құралы деп емес, «тілді – ұлттық болмыстың айнасы» ретінде зерттеу 20 ғасырдан бастап кең өріс ала бастады. Соның нәтижесінде ескі мұраларды, әдеби шығармалардың тілдік бейнесін стильдік, құрылымдық, семантикалық жағынан зерттеу өзекті мәселеге айналды. Әр кезеңнің туындысы сол уақыттың тарихи-әлеуметтік жағдайының көрінісі екені де белгілі. XV ғасырда туындаған әдеби шығармалар сол кездің елеулі оқиғаларын бейнелеп қана қоймай, қазақ әдеби тілінің іргетасы ретінде қаланып, қазақ тұрмысын, салт-санасын, мәдениеті, ділі мен дінін танытады.

Р.Сыздық «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген еңбегінде XV-XVII ғасырдағы қазақ халқына қызмет еткен тілдің сипатына тоқтай отырып, «XV-XVII ғасырлардағы қазақ халқының мәдени-рухани өмірінде жаңа құрала бастаған халықтың сөйлеу тілі мен қазақ халқын құраған ру-тайпалардың әріден келе жатқан поэзиясы тілінің негізінде ауызша дамыған әдеби тіл қызмет етті. Ол, негізінен, поэзия түріндегі көркем әдебиет пен ауызша жүргізілетін, дау-билік саласында (шешендік сөздерде) көрінді. Сонымен қатар, хан жарлықтары, өзге елдермен арадағы қарым-қатынас қағаздары, тарихи шежірелер сияқты жазба дүниелердің қажетін ортаазиялық түркі әдеби дәстүріне негізделген қазақтың ескі жазба тілі өтеп отырды. Қазақ хандарының канцеляриясы ресми хат-хабарларын, іс қағаздарын, үкім-жарлықтарын осы тілде жүргізді. Қазақ елінде орта ғасырлар шамасынан бергі жерде шежірелер көбінесе би, сұлтан ру басы үйлерінде сақталған. Бұл жазба дәстүр бірте-бірте қазақтың өз жазба тіл машығына айналды» деп көрсетеді [1;65].

Тарихи жырлар - белгілі тарихи оқиғаның желісінен туған эпикалық шығармалар. Тарихи жырларда оқиғаның мазмұны нақты сақталмайды да, әр кезеңнің әлеуметтік-саяси бейнесі көркемделіп беріледі. «Тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады»

Зерттеушілер тарихи жырларды 4 кезеңге бөліп қарастырады. Алғашқы кезеңдегі тарихи жырларда Алтын Орда, Ноғайлы, Астрахан, Қырым хандықтарына қарсы феодалдық соғыстар (14-17 ғ.) суреттеледі ("Едіге", "Нұрадин", "Орақ-Мамай", "Қарасай-Қази", "Мұсахан", "Телағыс", т.б. жырлар). Жоңғар, қалмақ шапқыншылығына қарсы жорықтарды (18 ғ.) қамтитын екінші дәуірде Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек батырлар туралы жырлар туды.[9]

Үшінші дәуірде ұлт-азаттық, бостандық жолындағы күресті (19 ғ.) сипаттайтын жырлар шықты: "Исатай-Махамбет", "Бекет батыр", "Досай батыр", "Жанқожа батыр", т.б.

Төртінші кезең 20 ғ-дың басындағы төңкеріс жылдарындағы елеулі оқиғалар және 1916 жылғы патша үкіметіне қарсы халық көтерілісі жайындағы жырлармен шектеледі ("Туар ма екен бізге күн", "Еріксіз келдім елімнен", "Зарлы заман кезінде", "Құлақасқа", "Бекболат", "Ұзақ батыр", "Амангелді" т.б.). Қазақ әдебиетіндегі тарихи жырларды Үмбетей, Мұрат, Тілеміс, Нысанбай, Жанкісі, Шернияз, Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын сияқты ақын-жыраулар шығарған, толықтырып, өңдеп қайта жырлаған.[9]

С.Қасқабасов тарихи жырларға былайша кеңірек анықтама береді: ««Тарихи жыр»терминінің аумағын кеңірек мағынада түсінетін болсақ, оған ел тарихының, халық өмірінің маңызды кезеңдеріне арналған эпикалық, сондай-ақ бірен-саран лиро-эпикалық шығармалар жатады. Әрине, тарихи жыр көркем шығарма болғандықтан тарих фактілері мен деректері онда көркемделіп, біршама өзгертіліп көрсетіледі. Тарихи жыр – түптеп келгенде батырлық жыр мен тарихи өлеңнің аралығындағы жанр. Тарихи өлең әңгімеленіп отырған оқиғаның ізінше пайда болады да, ел арасына тез-ақ тарап кетеді. Кейін сол әр өлеңде айтылған оқиғалардың негізінде көлемді шығармалар туады. Олар бірте-бірте циклденіп, үлкен жырға айналады және оған көптеген тарихи шағын өлеңдер енеді. Содан барады да үлкен, эпикалық тарихи жыр пайда болады. Ал араға көп уақыт салып барып, аса бір үлкен оқиғаға байланысты ол батырлық жырға айналады. Бізге жеткен көптеген батырлар жырының даму жолы осындай. Әрине, бұдан батырлық жырдың бәрі тек осылай дамиды екен деген ой тумауы керек». [4;28]

XV ғасырдың мұрасына жататын тарихи жырлардың бірі - «Батыр Жәнібектің өлеңі» Жырда түрлі грамматикалық формалар ұшырасады. Олардың шығармада атқаратын өзіндік стильдік жүгі бар. Атап айтсақ, жырда етістікпен бірге –ды/-ді, -ты/-ті формаларының жиі қолданылуы бірден көзге түседі:

... Бәйбіше бала туған жоқ,

Көңілде осы дақ **бар-ды**

Немесе

«Қоңсымыз «Мен – Жәнібек, келдім ғой» деп

Мазак қылған қорлығы жана **бар-ды**» - деп өткен шақты айындайтын етістікті қолданады. Бұл жердегі –ды/-ді, -ты/-ті формаларына қатысты ғалымдардың түрлі пікірлері кездеседі. А.Тұрышев «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы» деген оқу-әдістемелік құралында бірнеше ғалымдардың пікірін былай саралайды:

«Р.Сыздықова XV-XVII ғасырдағы қазақ поэзиясында, сірә, дүр варианты басым болғанға ұқсайды, кейіннен бұл үлгілер хатқа түскенде - ды, - ді, - ты, -ті болып өзгертілуі мүмкіндесе, А.Ысқақов барған-ды, келген-ді, барғанмын-ды, құрбымыз-ды... сияқтылардай -ды (-ді, -ты, -ті) шылауы көп қолданылады. Бұл шылау - осы аталған еді көмекшісінен форма жағынан ықшамдалып, мағына жағынан шақталып қалыптасқан форма дейді. Еді көмекшісі тарихи е (ер) етістігінің жедел өткен шақ формасынан (ер+ді) қалыптасқан (Қ.Жұбанов), еді формасы қай сөзге тіркесе де, оған өткен шақ мағынасын

үстейді және жіктеліп жұмсалады да, қай жақ екенін көрсететін көмекші сөз ретінде қызмет етеді. Көне дәуірде III жақ жіктік тұлға -дүр формантымен келген» [5;23]

«Осы орайда, тілшілер екі ұдай пікірде: бірі -дүр ықшамдалып (-ды, -ді,-ты, -ті) демеуліктері десе,-дүр ықшамдалып -ды /-ді, -ты//ті етістіктің өткен шағының көрсеткіші дейді (Ғ. Мұсабаев). Екіншілері: -ды, -ді, -ты, -ті -еді көмекші етістігінен ықшамдалған шылау дейді. Қазіргі қазақ тілінде -ды, -ді, -ты, -ті жедел өткен шақтың көрсеткіші, түбірге тікелей жалғанады да жақтық мағынасы жіктік жалғауының қысқа түрі арқылы беріледі.» [5;24]

Жәнібекті көрмекке

Халықтың бәрі **құмар-ды.**— деп көбіне есімшенің –ған/-ген типтес жұрнақтарына немесе керек, емес деген бейтарап сөздерге жалғанатын –ды форманты есім сөзге де жалғанып«құмар еді» деген III жақтағы өткен шақтық мағынаны үстеп тұр. Себебі контекстің алдыңғы жолдарында оқиға өткен шақта баяндалып (Осыны айтып Мақпал қыз,Қол жайып, берді батасын) –ды/-ді қосымшасын нақтылық мәнді білдіретін демеулік шылау еместігіне дәлел болады. Жоғарыда аталған дүр формантына қатысты Р.Сыздықова тағы бір қызық болжам жасайды: «Көбінесе бұл форманттың Құдай, Тәңір туралы жолдарда келетіндігі – сірә, Құдай тағала ісінің кәмілдігі жөніндегі халық сеніміне байланысты болу керек.» - дейді де, оған «Қыз Жібек» жырындағы: «Құдіретіне Алланың Бенденің жоқ дүр көнбесі» және «Айман-Шолпан» жырындағы «Кім бай дүр, кім жарлы дүр Тәңірге аян» деген мысалдарды келтіреді. Осыдан шығатыны қазіргі нақтылау мәнді деп қолданып жүрген –ды/-ді, -ты/ті демеуліктері, мен дүр формантының қолданылуын саралай келе екеуінің де нақтылау мәнін беретінін, ал өткен шақтағы іс-әрекет қай кезде де нақты фактілі іс-әрекетті көрсететінін ескере отыра е етістігіне жедел өткен шақтың дүр формантының қысқарған формасы (е+дүр - е+ді: болған дүр – болған еді – болған-ды, құмар дүр – құмар еді – құмар-ды) ді қосымшасының жалғанып, еді көмекші етістігі ретінде жұмсалып, уақыт өте келе қысқарған, III жақтағы –ды/-ді, -ты/ті форманты деп анықтауға болады. Сондай-ақ жырда еді көмекші етістігінің өзі де жиі кездесіп, -ды/-ді формантының мағынасымен тең қолданылатын сәттер де бар:

Қайтпайтын болат тас түлек,

Он төртке жаңа кеп едің. – деген мысалдағы етістіктің II жақ формасын III жаққа салып айтсақ, көсемшенің –п жұрнағын есімшенің –ған/-ген жұрнақтарымен ауыстырып: «Он төртке жаңа келген-ді» деп берсек контекстің жырдағы мазмұны еш өзгермей тек жақтық формасы ғана өзгереді. Демек –ды/-ді, -ты/-ті формантын кезкелген сәтте жақ категориясын өзгертіп «еді» етістігімен ауыстырып қолдануға болады. Ал келесі тармақтарда қолданылған ды/-ді, -ты/ті форманты шартты бағыныңқы сабақтастың басыңқы сөйлеміндегі етістікке жалғанып тұр:

Бұл малға ие болмаса,

Бәйбіше бекер **жатқан-ды.**

Әдетте шартты райдың жұрнақтары тек іс-әрекеттің болу, болмау шартын анықтап келер шақ етістіктерімен тіркеседі (*оқысаң түсінесің, барса көреді*). Бірақ бұл тармақтардағы –са/-се жұрнағы көсемшенің й жұрнағының орнына жұмсалып, есімшенің етістікке III жақта тәуелденіп жалғануының ерекше формасы деп болжауға болады (малға ие болмай бекер жатқаны).

Қорытындылай келе, бір ғана тарихи жырдың тілдік ерекшеліктерін талдау арқылы қазақ әдеби тілінің басқа да қырларына көз жүгіртіп, қазіргі таңда қолданыста жүрген көптеген сөздердің сол ауызша әдебиеттен тараған жыр үлгілерінде де кездескенін, уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраса да бастапқы мәнін жоғалтпай тілдік қалпын сақтап ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырғанын байқауға болады.

«Батыр Жәнібектің өлеңінің» жазылу тілі, оның ішкі құрылымдық сипаты грамматикалық жағынан біршама өзгешеленгенін, жырдың шыққан уақытына дейін басқаша болғанын және қазіргі тілімізде көптеген қосымшаның қолданылу аясы не

тарылғанын, не мән-мағынасы, қолданылу орны өзгергенін (-дұр/-дүр жұрнағының -ты/-ті жұрнағына өзгеруі, шылау формасында берілуі) анық аңғарамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: «Ана тілі», 1993 ж. – 317 б.
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962 ж. – 428 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Ана тілі, 1991 ж. – 73 б.
4. Қасқабасов С. Бабалар сөзі. 56-том. Нұр-Сұлтан, 2009 ж. – 403 б.
5. Тұрышев А. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы. Оқу-әдістемелік құрал. 1-бөлім. Павлодар. Кереку, 2009 ж. – 74 б.
6. Исаев. С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998 ж. – 128 б.
7. Мұсабаев. Ғ. Қазақ тілі тарихы. Алматы : Мектеп, 1988 ж. – 123 б.
8. Жұбанов. Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы : Ғылым, 1999 ж. – 434 б.
9. <https://adebiportal.kz/kz>